


М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

**Әлеуметтік жұмыс басқармасының
2024-2025 оқу жылының жарты жылдығында атқарған
қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және спорттық іс-шаралар туралы
Е С Е Б І**

Тараз, 2024 ж.

Әлеуметтік жұмыс басқармасының 2024-2025 оқу жылының жарты жылдығында атқарған қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және спорттық іс-шаралар туралы АҚПАРАТЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Әлеуметтік жұмыс басқарманың негізгі мақсаты - институт пен факультеттерде әлеуметтік-тәрбие жұмысын басқару, ұйымдастыру және бақылау болып табылады. Дулати университетінің студенттеріне азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие беру, рухани-құндылықтарды дәріптеу, әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету, ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізу, білімге деген құштарлықты арттыру, жеке қасиеттері мен коммуникативті мәдениетін қалыптастыру, салауатты өмір салтын құру, интеллектуалдық мәдениетті арттыру арқылы жүзеге асырады.



Университетте адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты жастар тәрбиелеуде негізгі 6 бағытта жұмыс жүргізіп келеді. 2024-2025 оқу жылының I-жартыжылдығында көрсетілген бағыттар бойынша барлығы **174** іс-шара өткізілді. Атай айтқанда:

1. Жастар саясаты бағыты бойынша – **16**;
2. Азаматтық-патриоттық тәрбие бағыты бойынша – **47**;
3. Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша – **67**;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық тәрбие бағыты бойынша -**19**;
5. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша – **21**;
6. Шығармашылықты дамыту бағыты бойынша – **5**.

Жастар саясаты бағыты бойынша студенттердің оқу үрдісін басқарудағы құқықтарын қорғау, қоғамдағы белсенділіктерін арттыру, әлеуметтік маңызы бар бастамаларды жүзеге асыру мақсатында 1500 аса студент қамтылған. Студенттік Парламент құрылып, оның құрамында 7 студенттік деканат, 3 жатақханада студенттік кеңестер, 12 жастар клубтар «Жастар Рухы» жастар қанаты ДУ бөлімшесі, «Қазақстан студенттер альянсы» жастар клубы ДУ бөлімшесі, «Жайдарман» көңілді тапқырлар клубы, «Еркін ойлар алаңы» дебат қозғалысы, «Фемида» жастар клубы, «Біз біргеміз волонтерлік клубы, «Парыз» волонтерлік клубы, «LEP UNION» қыздар клубы, «10ted.dulaty» көпсалалы клубы, «DULATY talks» медиа клубы, «ENACTUS-DULATY» жастар клубы, «DU-universe»

көпсалалы клубы кіреді. Қызығушылығы бойынша клубтар: «Алаш тағлымы» тарихи-танымдық клубы, «Тараз әдеби жастары» жас ақындар клубы, «Green life» экологиялық клубы, «Жасын» клубы, «Жан сыры» клубы, «Бәйтерек» клубы, «Айша» қыздар клубы, «Дулати жастары» студенттік жастар театры. Сонымен қатар, академиялық топ старосталары үшін WhatsApp әлеуметтік желісінде арнайы чаттар ашылды, және бұл чаттар қазіргі уақытқа дейін белсенді түрде жұмыс атқарып келеді. Бұл чаттар студенттермен тиімді байланысты қамтамасыз ету, ақпарат алмасу және жедел түрде маңызды мәселелерді шешу үшін ыңғайлы алаңға айналды. Чаттар арқылы тәрбие жұмыстарының үйлесімділігі қамтамасыз етіліп, студенттердің қоғамдық өміріне қатысуы мен белсенділігін арттыруға бағытталған барлық шаралар туралы ақпараттар уақытында жеткізіліп отырады. 2024-2025 оқу жылының жарты жылдығында «Жастармен жұмыс» бөлімі 120 іс-шара өткізді. Бұл көрсеткіш өткен оқу жылының алғашқы жарты жылдығында өткізілген 80 іс-шарамен салыстырғанда айтарлықтай өскенін көрсетеді.

Жастармен жұмыс бөлімі жанындағы «Жастар Рухы» ЖҚ ұйымдастыруымен «Біліммен жарқын болашаққа» атты барлық факультеттердің 1 курс студенттеріне арналған семинар тренингтер өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты университетінің, жатақхананың ішкі тәртіп Ережелерін және студенттерге арналған Ар-намыс кодексін түсіндіру болып табылады. Іс-шараға белсене қатысқан студенттерге алғыс хаттар берілді.

Сонымен қатар, жастардың тәрбиесіне кері әсерін тигізетін лудоманияның алдын-алу мақсатында бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылды. Жастармен жұмыс бөлімі және барлық факультеттердің 1-курс студенттеріне арналған «Лудомания-XXI ғасыр дерті» атты арнайы лекция шарасы ұйымдастырылды. Іс-шараларға Жастармен жұмыс бөлімінің бас маманы А.Е.Нұрмайлов, Әлеуметтік жұмыс басқармасының психолог маманы, аға оқытушы Ш.Б.Бүйембаева және факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарлары белсене қатысты.

«Жайдарман» көңілді тапқырлар клубының ұйымдастыруымен факультет аралық 1/8 премьер лига ойындары өтілді. Іс-шараға 10 команда қатысты. «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы «Жастар Рухы» Жастар қанатының ұйымдастыруымен «Сарбаз болғым келеді» акциясы аясында Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай «Ердің ерлігі ұмытылмайды» тақырыбында жиын өткізілді. Аталған жиынға «Бауыржантану» ҒЗО директоры, Бауыржан Момышұлының немере інісі Момынқұл Бекет Әділдаұлы және отставкадағы полиция подполковнигі Жамбыл облысы ішкі істер органдары мен Ұлттық Ұлан ардагерлер ұйымының төраға орынбасары А.А.Арқабаев қатысты. «Туған жердің төсінде» атты этнос өкілдері арасында квест ойындары өткізілді. Ойынның жүлде қоры 1000000 тенге. Ойын нәтижесі бойынша: 1 орын «Келешек», 2-орын «ПТК» 2-орын «Friendship House», 3-орын «МТС» және 3-орын «Ассамблея жастары» иеленді. Сонлай-ақ «Дулати-Жайдарма» көңілді тапқырлар клубының ұйымдастыруымен өткен Факультет аралық жайдарман ойындарының жеңімпаздары анықтау шарасы өткізілді.

Жастармен жұмыс бөлімі және «Технологиялық» факультеті бірлесіп, 1-курс студенттеріне арналған «Лудомания-XXI ғасыр дерті» атты арнайы лекция өткізілді. Іс-шараға Жастармен жұмыс бөлімінің бас маманы А.Е.Нұрмайлов, Әлеуметтік жұмыс басқармасының психолог маманы, аға оқытушы Ш.Б.Бүйембаева және факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Э.А.Байбазарова қатысты.

Азаматтық-патриоттық тәрбие бағыты бойынша Қыркүйек айында Дулати университеті және Жамбыл облысы Полиция Департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бірлесе отырып, барлық факультеттерде «Есірткісіз болашақ» атты ауқымды акция ұйымдастырды. Іс-шараға Жамбыл облысы Полиция Департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Қанат Шыңғысбекұлы, полиция майоры А.А.Каукешова, Жамбыл облысы Полиция департаменті Кинология қызмет орталығының аға инспектор-кинологы

полиция аға лейтенанты Б.Е.Избасаров, университетінің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор А.Е.Тұрлыбек, Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының орынбасары Ұлжан Медербекқызы, ЖІШС «Жасыл-ел Тараз» және студенттер қатысты. Есірткіні насихаттайтын және жарнамалайтын граффити жазулары өшіріліп, 700-ден аса жастар ат салысты. Университет қабырғасында өткен іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақты есірткі мен психотроптық заттарды қолданудың зияны туралы хабардар ету, салауатты өмір салтын насихаттау және рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғырту. Сонымен қатар, Жамбыл облысының төтенше жағдайлар департаментімен бірлесе отырып, «Тұрғылықты газды қолдану ережелері» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында спикерлер үй жағдайында газды қолданудың ережелері, жер сілкінісінен сақтану жолдары жетікізлді

Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың ұйымдастыруымен барлық факультеттерде және №1, №3 жатақханада студенттердің діни сауаттылығын артыру және діни экстремизмнің алдын-алу бойынша 21 іс-шарасы, «АВАІ.KZ» Республикалық интернет-порталында «Қазақ ойшылдардың еңбектеріндегі рухани тәрбие негіздері» тақырыбында 1 танымдық мақаласы және Жамбыл облысы әкімдігі Дін проблемаларын зерттеу орталығына қарасты «RUQH MEDIA» телестудияда түскен видеосұхбаты жарияланды.

Барлық факультеттерде дін саласында өткізілген кездесулерге Жамбыл облысы әкімдігі Дін проблемаларын зерттеу орталығының бөлім басшысы Е.Ж.Джақыпов, Жамбыл облысы әкімдігі Дін істері басқармасының бас маманы С.Мутанов, Жамбыл облысының бас имамы Б.Мырзагелдиев, ҚМБД Діни білім және кадр даярлау бөлімінің меңгерушісі, РАНТ мүшесі Хасан Ташайұлы, Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор А.Тұрлыбек, Әлеуметтік жұмыс басқармасының психологы С.Н.Момынова және дінтаушы Б.Алпысбаев қатысты.

Сонымен қатар, Жамбыл аудандық әкімдігі ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен «Дін-халық дәстүрлерінің шырақшысы» атты конференция өтілді. Аталған конференцияға Әлеуметтік жұмыс басқармасының бас маманы Б.Алпысбаев дінтанушы спикер ретінде шақырылып, «Қазақ ойшылдардың діни мұралары» тақырыбында рухани танымдық ой-пікірін білдірді.

«Кураторлық мектебі» жобасы аясында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Қ.Алпысбаев университет кураторларымен онлайн ZOOM бағдарламасы арқылы дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кездесуде ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатын танып білу, топ кураторлардың діни сауаттылығын қалыптастыру және студенттерді радикалдық діни идеологияның ықпалынан қорғау бойынша жұмыс жасау болып табылады. Барлығы іс-шараға 54 куратор қатысты.

Әлеуметтік жұмыс басқармасы және «Технология» факультеті бастауымен «Адал адам – әділетті қоғамның тірегі» тақырыбында жастарды шыншылдыққа тәрбиелеп, туған жердің топырағына мейлінше қалтқысыз қызмет етуге баулу мақсатында кездесу өтілді. Спикер ретінде әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор А.Е.Тұрлыбек, Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы А.Б.Ултанбаев және Әлеуметтік жұмыс басқарманың бас маманы Б.Алпысбаев баяндама жасады.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің құрамындағы №2.6 оқу ғимаратта орналасқан Қаратау тау кен-технологиялық колледжінде дін саласында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Қ.Алпысбаев шақырылып, студент жастарға ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатының бағыттары, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы, Хәкім Абайдың толық адам ілімі және қазақ халқының ұлттық тәрбиесі туралы айтылды.

Әлеуметтік жұмыс басқармасы және «Бауыржантану» ғылыми зерттеу орталығы өзара бірлесіп, «А.Құнанбайұлының толық адам ілімі» тақырыбында «Логопедия», «Дефектология» мамандығының 1-курс студенттерімен кездесу ұйымдастырды. Аталған кездесу университетінің 4.1 оқу ғимаратында орналасқан «Толық адам» кабинетінде өткізілді.

Жамбыл облысының бас имамы Б.Мырзагелдиев, ҚМБД Діни білім және кадр даярлау бөлімінің меңгерушісі, РАНТ мүшесі Хасан Ташайұлы, Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор А.Тұрлыбек және студенттердің қатысуымен «Ізгі қоғам жастары» тақырыбында рухани – танымдық кездесу өтілді. Кездесу мақсаты - жастардың әлеуметтік-қоғамдық өмірге белсенді араласуын, олардың ортақ мақсатқа жету жолында күш біріктіруін қамтамасыз ету. Дәстүрлі құндылықтарды сіңдіре отырып, рухани-танымын өсіруге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институтында «Адалдық сағаты» аясында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Д.Омаров, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы А.И.Ажибаев және Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор А.Е.Тұрлыбек студенттерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында лекция өткізді.

«Технология» факультетінің 2.3. 308 Тәуелсіздік залында Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті Ұйымдастыру - бақылау басқармасының бастауымен Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің қызметкерлерімен кездесу өтті. Кездесуге Жамбыл облысы бойынша экономикалық тергеп тексеру департаменті басшысының м.а. Руслан Сатыбалдиев, Криминалистикалық бөлімінің басшысы Мақсат Байдалиев, Ұйымдастыру - бақылау басқармасының аса маңызды істер жөніндегі тергеуші Жагипар Исатаев, студенттер мен бітіруші түлектер қатысты)

«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультетінде «Сыбайлас жемқорлықты алдын алудағы студент жастардың рөлі» аясында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің қызметкерлердің қатысуымен кездесу өткізді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық түрлері мен орын алған құқық бұзушылықтар үшін заңнамаларда көзделген жауапкершілік түрлері туралы айтылып, «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдардың жобасы таныстырылды. Лекция бастамасын Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Бахтияр Алпысбаев бастап, кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатынын айтты.

«Жаратылыстану ғылымдары» факультетінде «Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастырудың маңызы» атты студенттермен кездесу өтті. Кездесуге Әлеуметтік жұмыс басқармасының бас маманы Б.Алпысбаев, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы А.Ажибаев және «Жаратылыстану ғылымдары» факультетінің деканы Б.Тасуов қатысып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық түрлері мен орын алған құқық бұзушылықтар үшін заңнамаларда көзделген жауапкершілік түрлері туралы айтылып, сыбайлас жемқорлықтың қоғам өмірінің түрлі салаларына тигізетін кері әсері туралы мәселелерді талқылады.

«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультетінде «Академиялық адалдықты сақтау – ортақ міндет» тақырыбында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы Таңшолпан Бақытәліқызы және Әлеуметтік жұмыс басқармасының бас маманы Б.Алпысбаевтың

қатысуымен студент жастармен кездесу өтілді. Барлық өтілген кездесудің ақпараты университеттің ресми сайтына салынды.

«10ted.dulaty» көпсалалы жастар клубының ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған «Жемқорлық қоғам дерті» атты қысқаметражды фильм түсірілді. Фильмнің басты мақсаты – жастарды сыбайлас жемқорлық мәселесіне назар аудартып, оның қоғамға келтіретін зардаптарын түсіндіру болып табылады.

«AMANAT» партиясының жанында құрылған Дулати университетінің «Жастар Рухы» ЖҚ және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті бірлесе отырып, «Жемқорлыққа – жол жоқ» тақырыбында конференция өткізілді. Аталған іс-шараға департаментінің бас маманы Т.Б.Нұрханова қатысып, жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кураторлық жұмысы бойынша институт директоры, факультет декандарының бұйрығына сәйкес – **637** академиялық топқа – **466** куратор бекітіліп, 1 институт, 6 факультет бойынша директор, декан орынбасарларының және аға кураторлардың жұмысы үйлестірілуде. Бүгінгі күнге дейін – **3532** кураторлар сағаты өтіліп, хаттамаланды.

Куратордың қызметін, оқу жылы барысында академиялық тобымен атқарылған жұмысын дәлелдеуші құжаттың бірі «Куратор журналы». Аталған құжатта топ кураторларының тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарланып, әрбір студенттерге жеке әлеуметтік психологиялық карта, сондай-ақ отбасын құрған және әлеуметтік жағдайы төмен студенттердің жеке карталары толтырылып, студенттердің оқу процесі үздіксіз қадағаланып отырады. Әр жаңа оқу жылында кураторларға тиімді әрі ыңғайлы болуы үшін, жыл қорытындысын есептеу кезеңіндегі топ кураторларының ұсыныстарына сәйкес «Кураторлар журналына» өзгертулер мен толықтырулар жасалынады. «Куратордың жұмыс жоспары» журналында тәрбие жұмысының бағыттары толық қамтылған. Жыл ішінде жоспарланатын мерекелік іс-шаралардың оқиғалар қатары кураторлық сағаттарында өткізіледі.

Университет кураторларының психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзіреттіліктерін жетілдіру мақсатында **Кураторлар мектебінде 2024-2025** оқу жылының I-жартыжылдығында ZOOM платформасы арқылы 81 оқытушы біліктілігін арттырып, сертификат алды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша Жастармен жұмыс бөлімінің құрамындағы «Біз біргеміз» волонтерлік клубы, «Жамбыл облысы еріктілер қозғалысы» волонтерлік клубы, «Панорама» ақпараттық орталығы қоғамдық бірлестігі және барлық факультеттердің белсенді студенттердің қатысуымен «Қоршаған ортаны қорғау» акциясы аясында оқу корпусстардың алдын тазалау және қоқыстарды шығару болса, «Қарттарым қазынам» акциясында белсенді студенттер қарттар үйіне барып әлеуметтік және медициналық көмек көрсету шаралары ұйымдастырылды.

Шығармашылық бағытты дамыту бойынша 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес жастардың арасынан дарындыларын анықтау, шығармашылыққа және белсенділікке тарту мақсатында Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының жүргізген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде вокал, сән студиясы «DU models», жүргізушілер мектебі, хореография студиясының «Бинар» және «Blesting» қазіргі заманауи би топтары құрылып, кестелерге сәйкес сабақтары жүргізіліп, іс-шараларда өнер көрсетуде. Қазіргі таңда Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының студияларына барлық факультеттерден қатысатын **255** студент қамтылған.

Факультеттер бойынша шығармашылық студияларға қатысатын студенттер саны

№	ФАКУЛЬТЕТТЕР СТУДИЯЛАР	Билім партиясы ұланы	Таланттың ұланы	Жапатылыстану	Технологиялық	Экономика және	Барлығы	
1	Вокал студиясының жетекшісі Қанарбек Алия	15		4	2	4	3	17
2	Орталық хореография студиясының жетекшісі Шахшамбаева Алия		1	3	2	4	2	16
3	Сән студиясының жетекшісі Түймебай Акерке			2	4	19		26
4	Жүргізушілер мектебі Искараева Светлана	10	1	4	8	16	7	50
	Барлығы	31	14	21	34	58	40	219

2024 жылдың 6 қазанында өткен "KERUEN SARAY" атты Халықаралық би байқауында студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының "BI-NAR" би ансамблі бас жүлде иеленіп, Ташкент қаласына жолдама ұтып алды. Сондай ақ, орталықтың «Томирис» бишілер тобы Жамбыл облысының құрметті азаматы, «Айша бибі» халықтық – этнографиялық би ансамблінің негізін қалаушы, балетмейстер – хореограф Байдаулет Сазабековтың шығармашылық еңбек жолының 35 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Айша бибі» облыстық би байқауында 1 орынды иеленді.

Ұлы даланың сарындары, фольклоры мен әуендерін қазақтың көне ұлттық аспаптары арқылы халыққа насихаттау мақсатында «Дастан» қазақ ұлттық аспаптар ансамблі құрылып және түрлі аспапта ойнайтын 4 жігіттен құралған «Дулати серілері» бар.

Вокал студиясының жетекшісі А.Қанарбектың жетекшілігімен «Наз қоңыр» триосы, «Қорқыт» квартеті құрамында студенттер өнер көрсетуде. Сонымен қатар, университетінің 2 курс студенті Сапиев Ернұр "ТАРАЗ ДАУЫСЫ-2024" қалалық әншілер байқауына қатысып, бас жүлде иегері атанды. Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының студияларына қатысатын 117 өнерлі жастардың ең епті, белсенді, дарындылары университеттің мәдени-көпшілік іс-шараларында тұрақты, қызығушылықпен өнер көрсетеді.

Университеттің өнерлі, дарынды жастарды анықтап, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында барлық факультеттердің 1 курс студенттерінің арасында факультетаралық «Жас талант-2024» шығармашылық байқауы өтіліп, байқауға 120 студент жастар қатысты.

Студенттер қатарына қабылдауға арналған «DUFEST - 2024» салтанатты жастар кеші ұйымдастырылды. Кеш 1 курс студенттеріне арналғандықтан еркін форматта өтті. Кешке барлығы 1200 студент қатысты. Сондай ақ, кеш қонақтары «Жуалы» КТК командасы, «Дара

шоу», «BRONX» заманауи хореографиялық би тобы және облысымызға танымал өнерпаздар өнер көрсетіп, студенттерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Білім күніне орай «Білім алаңында» 500 студенттің қатысуымен жоғары деңгейде кеш өтілді. Кеш барысында белсенді студенттердің қатысуымен бірінші курс студенттеріне Білім кілті мен Студенттік билет салтанатты түрде тапсырылып, студенттік ант қабылданды.

Педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету жұмыстары бойынша «Педагогикалық психология» кафедрасының жанынан ашылған Профессор Е.Қонақбаев атындағы психологиялық-педагогикалық қолдау ғылыми-зерттеу орталығы қызмет жасайды. Психологиялық профилактика және ағартушылық бағытта (тақырыптық семинар, тренингтер, дөңгелек стөлдер, психологиялық дәрістер, кездесулер, конференциялар) орындалған жұмыстар саны – 15. Психокоррекциялық бағытта «Суицидтің алдын-алу», «Харассмент және жеке шекара», «Лудомания», «Нашақорлықтың алдын-алу» тақырыбында өткізілген іс-шараларда 1200 ге жуық студент қамтылды. Жеке тұлғалық әртүрлі мәселелер бойынша психологиялық кеңес беруге сұраныспен келген студенттер саны – 13.

Университеттің студенттері мен қызметкерлері психолог мамандардың көмегіне кез-келген уақытта университет сайтында <https://dulaty.kz/psychological-service-kz> көрсетілген байланыс телефондары мен электрондық пошталары арқылы психологиялық кеңес алуға мүмкіндіктері бар.

«Сұңқар» спорт клубының жұмысы бойынша 39 спорттық жетілдіру үйірмелеріне (Волейбол, Бокс, грек - рим күресі, Атлетикалық гимнастика, Шахмат, тоғызқұмалақ, спорттық бағдарлау, Баскетбол, Армреслинг, Қазақша күрес, үстел теннисі, Пауэрлифтинг, жеңіл атлетика, еркін күрес, каратэ-до шотокан) 585 студент қамтылған. Әлем чемпионатынан 59 студент, Азия чемпионатынан 54 студент, ҚР чемпионатында 97 студент, облыс чемпионатында 112 студент, қала чемпионатында 164 студент, барлығы 480 студент жеңіске жеткен. Ақтау қаласында өткен XII-ші жазғы универсиадада 13 алтын, 14 күміс, 22 қола жеңімпаздары атанды, Түркі елдер Универсиадасында 4 студент чемпион атанып, жеңіс тұғырынан көрінді.

Дулати Университетінің тәлімгерлік жұмысына биылғы оқу жылында институт директоры, факультет декандарының бұйрығына сәйкес – **637** академиялық топқа – **466** куратор бекітіліп, 1 институт, 6 факультет бойынша директор, декан орынбасарларының және аға кураторлардың жұмысы үйлестірілуде. Бүгінгі күнге дейін – **3532** кураторлар сағаты өтіп, хаттамаланды.

Студенттер үйінде атқарылған жұмыстар бойынша университетінің 3 студенттік жатақханада жалпы 1118 орын бар. №1 Студенттік жатақхана (Төле би, 60)– 510 орын, №2 Студенттік жатақхана(Сәтпаев, 25) – 186 орын, №3 Студенттік жатақхана (Жамбыл даңғылы, 16 А)– 422 орынды қамтиды. Студенттік жатақханаға орналасу «Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (ҚР БЖҒ министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 189 бұйрығына) сәйкес ұсынылады.

Студенттік жатақханалардағы орындарды бөлу арнайы құрылған комиссия (Басқарма төрағасы-Ректордың №15-37/6-1/284 15.08.2023ж. бұйрығы) отырысында қарастырылады. Конкурстық комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді негіздемелер мен кезектілікті ескере отырып, мынадай тәртіппен жүзеге асырады: мүгедектер қатарынан мүмкіндігі шектеулі адамдар; бала кезден мүгедектер; I және II топтағы мүгедектер; мүгедек балалар; жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар; ата-анасының екеуінде де немесе бірінде мүгедектігі барлар; ауыл жастары қатарынан шыққан, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға оқуға түскен адамдар; ҚР азаматтары болып табылмайтын «оралмандар»; «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар; ҰБТ қорытындылары бойынша жоғары балл

жинаған мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға қабылданған бірінші курс білім алушылары; білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

Тәрбиелеу процесінде рухани-адамгершілік мәдениетті кешенді жоспарлау, эстетикалық тұрғыдан дамыту және салауатты өмір салтын қолдау жүйесі қалыптасқан. Жатақхана студенттері уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында түрлі патриоттық, рухани, салауатты өмір салтын насихаттайтын іс шаралар ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңына (ҚР 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V) сәйкес, университетінің студенттері үшін жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, студент жастардың жатақханадағы өмір сүру сапасын жақсарту, университет асханаларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын санитарлық талаптарға сай екендігін анықтау мақсатында 2024 жылдың 14-17 қазан аралығында университет жатақханаларында ішкі аудит пен мониторинг жұмыстары жүргізілді. Ішкі аудит процесінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша студенттік жатақхана коменданттары жұмыс жасауда.

2024-2025 оқу жылында студенттік жатақханаларда өткізілетін іс-шаралардың жұмыс жоспары бекітіліп, іс шаралар жоспарға сәйкес өткізіліп тұрады. Қыркүйек айында Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен №1, №2, №3 студенттер жатақханаларындағы кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылыққа және қаңғыбастыққа салынуының алдын алу мақсатында іс-шара ұйымдастырылды. Қазан айында Әлеуметтік жұмыс басқармасының психологы Ш.Б. Бүйембаева және дінтану бойынша бас маманы Б.Қ. Алпысбаев №3 жатақхана студенттеріне қоғамдағы жастардың тәрбиесіне кері әсерін тигізетін ойынқұмарлық және діни экстремизм көріністерінің алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай, студент жастар арасында құқық бұзушылықтың, оқыс оқиғаның алдын алу үшін университет жатақханаларында 14-16 желтоқсан күндері профессор оқытушылардың Барлық өткізілген іс шаралар университетінің ресми сайтына және әлеуметтік желілерге жарияланып тұрады.

Инклюзивті білім беру бойынша 2024-2025 оқу жылында мүмкіндігі шектеулі 173 студент және 1 магистрант білім алуда. Оның ішінде мемлекеттік грант бойынша - 84 студент, «Қазақ халқына қамқор қоры» - 31 және 42 студентке Дулати университетінің оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдік берілді. Инклюзивтік білім беру бағытында университетте жалпы 7 іс шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, қыркүйек айында ерекше студенттердің қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру және ата-аналарының талаптарын тыңдау мақсатында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор Ләззат Калымбекқызы, инфорқұрылымды дамыту жөніндегі проректордың м.а. Бауыржан Мейрамбекұлы және әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Аслан Еділханұлы қатысып, 1 топтағы мүгедек студенттерге 100%, 2 топтағы мүгедек студенттерге 50%, 3 топтағы мүгедек студенттерге 30% жеңілдік түрлері қарастырылғандығын атап өтті. Ерекше балаларды қоғамға бейімдеу тақырыбы қашан да өзекті. Қазір елімізде белгілі бір модельдер қалыптасып, инклюзивті білім беру жүйесін құру тәжірибесі жинақталды. Осы тұста инклюзивті білім берудің барлық критерийлеріне сәйкес келу үшін университет тарапынан педагогтарға арнайы курс өткізіліп, ерекше студенттерімізге ерекше қолдау жасау қажеттілігі жеткізілді. Ата-аналар жиналыс соңында университет басшылығына өздерін мазалап жүрген мәселелер бойынша сұрақтарын қойып, тиісті жауап алды. Алдағы уақытта аталмыш жиналыстар көбірек өткізілсе деген ұсыныстарын айтып, алғыстарын білдірді.

Студенттер арасында жүргізілген әлеуметтік зерттеу сауалнамалар туралы Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен студент жастардың әлеуметтік жәй-

күйін анықтау мақсатында «Google forms» бағдарламасы арқылы онлайн сауалнамалар жүргізіп тұрады. Қыруйек, қараша және желтоқсан айларында жалпы әртүрлі бағытта 3 сауалнама жүргізілді. 2024 жылдың 09-16 қыркүйек күндері аралығында «Жатақхананың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау» тақырыбында жүргізілген сауалнамаға 431 респондент қатысып, жатақхананың ішкі тәртібі және тұрмыстық жағдайына байланысты өз пікірлерін білдірді. 2024 жылдың 11-18 қараша аралығында студенттердің діни сауаттылығын арттыр және діни сенім көзқарастарын зерттеу мақсатында «Студент жастардың діни ұстанымдарына талдау жасау» тақырыбында жүргізілген сауалнамаға 3331 респондент қатысты. Сауалнаманың қорытынды нәтижесі әзірленіп, әдістемелік-нұсқау кітапша ретінде баспадан 10 дана шығарылды.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 03-09 желтоқсан күндер аралығында студенттердің әлеуметтік жай-күйін зерттеу және әлеуметтік жәрдем көрсету бағыттарын анықтау мақсатында «Студенттің әлеуметтік жағдайын анықтау» тақырыбында алынған сауалнамаға 3746 респондент қатысты. 2024 жылдың 09-20 желтоқсан аралығында сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында «Таза сессия» тақырыбында жүргізілген сауалнамаға 2378 респондент қатысты.

Білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру жұмыстары Әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары бойынша 2024-2025 оқу жылының жартыжылдығында «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕАҚ білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру жөніндегі ережеге сәйкес өткен 1 комиссия отырысының шешімімен жалпы саны - 209, оның ішінде – 194 студентке және 14 магистрантқа әлеуметтік санаттар бойынша жеңілдік берілді.

№	Жеңілдіктер беру санаттары	саны
1.	«Алтын белгі» иегерлері болып табылатын мектеп түлектері	6
2.	Ата-анасы жоқ (тұл жетім) студенттерге	6
3.	Қамқоршылары бар жетім студенттерге	6
4.	I топтағы мүгедек студенттерге	7
5.	II топтағы мүгедек студенттерге	3
6.	III топтағы мүгедек студенттерге	22
7.	18 жасқа толмаған 6 және одан да көп баласы бар отбасылардан шыққан студенттерге	37
8.	Білім алушы-спортшылар Әлем, Азия, халықаралық турнир, ҚР чемпионаты, Универсиада, Республикалық турнир жеңімпаздары	82
9.	Магистратураға түскен Дулати университетінің түлектеріне	13
10.	Дулати университетінің ПОҚ мен қызметкерлерінің балаларына	22
11.	ҚР БҒМ, Дулати университетінің ұйымдастыруымен өткізілген облыстық пәндік олимпиадалардың, интеллектуалдық және шығармашылық байқаулардың, ғылыми жобалардың жеңімпаздарына	3
12.	Әскери борышын өтеген студенттер	2

Студенттер үйі туралы ережесіне сәйкес №1, 2, 3 студенттер үйлеріне ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 7 тұл жетімге және мүмкіндігі шектеулі (I, II, III топтағы мүгедек) 13 студентке 2024-2025 оқу жылында жатақханаларда тегін тұрады.

2024-2025 оқу жылындағы студенттердің әлеуметтік санаты туралы анықтама

Санаттар	2024-2025
18 ге толмаған студенттер саны	1390
Көп балалы отбасынан шыққан студенттер саны	1909

Тұл жетім студенттер	55
Жартылай жетім студенттердің саны	591
Мүгедектігі бар студенттердің саны	88
Ата-аналары немесе ата-анасының біреуі I, II, III топ мүгедегі болып табылатын студенттердің саны	95
Өзге ұлт өкілдерінің саны	451
Басқа облыстан келген студенттердің саны	483
Хиджаб киетін студенттердің саны	113
Шетел студенттерінің саны	104
Жатақханада тұратын студенттер (№1, №2, №3)	895

Әлеуметтік жұмыс басқарманың басшысы



А. Ұлтанбаев


есеп	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
------	--------------------------	--

I-ші жарты жылдығында өткізілген қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар

№	Іс шара атауы	Мақсаты	Өткізілген орны мен уақыты	Іс-шарада түсірілген сурет
1.	Дулати университетінің технология кешенінде студенттер арасында тоғызқұмалақ ұлттық ойындары өтті.	«Тоғызқұмалақ күні» аясында 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қолдай отырып, тоғызқұмалақ ойыны бойынша Гиннесс рекорды орнату жоспары бойынша	09.09.2024ж. https://www.facebook.com/share/p/EUktMBiRa2PXntZL/?mibextid=xfxF2j https://vm.tiktok.com/ZMhJ1PGeU/ https://www.instagram.com/p/C_r_Ecqtzwm/?igsh=MXV1ZmE5cHN4MnE4bw== https://www.facebook.com/share/p/Lho8NQohdMENnyFf/?mibextid=WC7FNe https://www.instagram.com/p/C_r_vqwMQAb/?igsh=MXI5NGxvMnM4em55cA== https://www.instagram.com/p/C_r_vqwMQAb/?igsh=MXI5NGxvMnM4em55cA==	
2.	1 курс студенттерімен «Білім күніне» арналған салтанатты жиын.	Бірінші курс студенттерінің университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен, Академиялық адалдық ережелерімен, Корпоративтік этика Кодексімен,	1 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/CX4v4QMsO2/?igsh=azUwMHFi_bzZtOTFy	


есеп	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
------	--------------------------	--

		студенттердің Ар-намыс Кодексі, жүріс-тұрыс этикасымен, студенттік жатақханаларының ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру		
3.	«Ойынға ойсыз құмар»: лудоманиядан айығуға бола ма? Психологиялық тренинг	Ойынқұмарлықтың алдын алу.	4 қыркүйек 2024ж. (№3 жатақхана)	
4.	«Мықты отбасы-мықты мемлекеттің кепілі» атты куратор сағаты өткізілді.	Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау; Отбасы - Отанның бір бөлшегі екенін ұғындыру.	5 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/C_h12Lgt1Cz/?igsh=d2hlaHVkY244c2p2	
5.	«Ислам және отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел	Отбасы күні қарсаңында «Ислам және отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел	5 қыркүйек	
6.	Бірінші курс студенттерінің университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен, Корпоративтік этика кодексі ережелерімен, студенттердің Ар-намыс Кодексі, жүріс-тұрыс этикасымен таныстыру	1- курс студенттерін университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен, Академиялықадалдық ережелерімен, Корпоративтік этика кодексі ережелерімен, студенттердің Ар-намыс Кодексі, жүріс-тұрыс этикасымен, университет мұражайымен таныстыру	7 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/C0_wp_7sEyn/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==	

7.	«Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстары	ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі N 590 Заңы», «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы ҚР Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008жылғы 26 қарашадағы N1086 Қаулысы» студенттер арасында түсіндіру.	Қыркүйек, 2024ж Дулати Жастары Халық Театры (@dulaty_zhastary teatry) • Фото и видео в Instagram	
8.	ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын талқылау.	ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын талқылау мақсатында	2.,7, қыркүйек https://www.instagram.com/p/C_apbW1swkx/?igsh=bGs3NXM4eXFvdHMw https://www.instagram.com/p/C_m8NUCizuW/?img_index=1&igsh=MWd3dXd3OHNYbDN0dw==	
9.	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде бірінші курс студенттеріне арнап «Біліммен жарқын болашаққа» атты салтанатты кеші өтті.		11 қыркүйек https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7022-bilimmen-zhar-yn-bolasha-a-atty-kesh-tti.html	
10.	Бірінші курс студенттерінің университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен, Академиялық адалдық ережелерімен, Корпоративтік этика кодексі ережелерімен, студенттердің Ар-намыс Кодексі, жүріс-тұрыс этикасымен, студенттік жатақханаларының ережелерімен, университет құрылымымен, университет кітапханаларымен	Бірінші курс студенттерінің университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен, Академиялық адалдық ережелерімен, Корпоративтік этика кодексі ережелерімен, студенттердің Ар-намыс Кодексі, жүріс-тұрыс этикасымен, студенттік жатақханаларының ережелерімен, университет құрылымымен, университет кітапханаларымен	12 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/C0_wp_7sEyn/?igshid=MzRIODBiNWFIZA	

	құрылымымен, университет кітапханаларымен таныстыру және университет мұражайына экскурсия	таныстыру және университет мұражайына экскурсия		
11.	“Математика» кафедрасының 1- курс студенттері кураторларының бірге жетекшілігімен бірге университет тарихымен танысу мақсатында М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ- мұражайына экскурсия жасады.	Студенттерге университет тарихы және көне жәдігерлер туралы ақпараттар беріп, тарихи танымдарын кеңейту	11 қыркүйек https:// www.instagram.com/ p/DAGlPFosV4T/? igsh=MTh1MHR2OT hpajczZA== https:// www.instagram.com/ reel/DCGft8ctCQQ/? igsh=MWJpNnBmN WQxbHM1Mw==	
12.	ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агентігінің Жамбыл облысы бойынша департаментімен бірлесіп, Дулати университетінде «Адалдық сағаты» аясында университет өкілдерімен бірге заң қызметкерлері студенттерге лекция өтті.	Жастарға сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық түрлерін түсіндіру	12 қыркүйек https://dulaty.kz/ 2020-01-30-02-50- 58/item/7024-adaldy- sa-aty-lektsiyasy- tti.html	
13.	«Лудомания ХХІ ғасыр дерті» семинар-тренинг	университет жастарының арасында ойын құмарлықтың алдына алып, жастар арасында кеңінен таралуын болдырмау	13 қыркүйек https:// www.instagram.c om/reel/ C_5WrMxs9PU/? igsh=Y3N1aHkw dmRydTkz	
14.	Бірінші курс студенттерінің университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен, Корпоративтік этика кодексі ережелерімен, студенттердің Ар- намыс Кодексі, жүріс-	1- курс студенттерін университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен, Академиялықадалд ық ережелерімен, Корпоративтік	15 қыркүйек https://www.insta gram.com/p/C_nu 8qdoLGA/? igsh=MTFpNjM0 dTJzZzF2cQ==	

есеп	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
------	--------------------------	--

	тұрыс этикасымен таныстыру	этика кодексі ережелерімен, студенттердің Ар-намыс Кодексі, жүріс-тұрыс этикасымен, университет мұражайымен таныстыру		
15.	Жастармен жұмыс бөлімі «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің 1 курс студенттерімен кездесті.	студенттердің арасынан белсенді жастар санын арттыру және діни проблемалардың алдына алу мақсатында	16 қыркүйек https://www.instagram.com/p/C_-b_i-sKnF/?igsh=MTN0cDI0Mzd0bG1vaA%3D%3D&img_index=2	
16.	Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің 1 курс студенттеріне « Ойын құмарлықтың (лудомания) алдын алу және жастарды радикалдық діни идеологияның ықпалынан қорғау шаралары » тақырыбы бойынша кездесу өтті.		17 қыркүйек https://www.instagram.com/p/DABZs25sZ50/	
17.	« Отбасы - бақыт мекені » тақырыбында куратор сағаты өтті.	Отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.	17 қыркүйек	
18.	Дулати университеті қабырғасында білім алып жатқан ерекше студенттердің қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру және ата-аналарының талаптарын тыңдау мақсатында кездесу өткізілді.	ерекше студенттердің қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру және ата-аналарының талаптарын тыңдау	18 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/DAFvuR6MQpX/?igsh=MWw3dzl3cGsZM3FlaQ%3D%3D	

19.	Дулати университетінің “Баласағұн музейінде” өткізді. Тақырыбы: "Строительс тво АЭС в Казахстане. За или Против".	Кездесу барысында, білімгер өз ой пікірлерін білдіріп, презентация әзірлеп, жан-жақты өз ойларын жеткізді. Сонымен қатар, өтетін референдумға қолдау мақсатында, студенттерге арнайы әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, қорытындысы шығарылып талданды.	18 қыркүйек https:// www.instagram.co m/p/ DAECTBEsBuU/? igsh=ZGxvemd1M 2VldmVw	
-----	--	---	---	---


есеп	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
------	--------------------------	---

20.	«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» және «Жаратылыстану ғылымдар» факультеттерінің 1 курс студенттеріне «Ойынқұмарлықтың (лудомания) алдын алу шаралары» тақырыбы бойынша ауқымды кездесу өткізілді.	Лудоманияның алдын алу шаралары	18 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/DAITGxxs_EG/?igsh=MW94YXBIZmpid2Zmeg%3D%3D	
21.	«Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институтының 1-курс студенттеріне «Ойынқұмарлықтың (лудомания) алдын алу және жастарды радикалдық діни идеологияның ықпалынан қорғау шаралары» тақырыбы бойынша ауқымды кездесу өткізілді.	Лудоманияның алдын алу шаралары	19 қыркүйек https://www.facebook.com/share/p/KzrB1UdmoXxkCL19/?mibextid=oFDknk	
22.	Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен Жамбыл облысының полиция департаментімен бірігіп 500 астам студент және еріктілерді тарта отырып «Есірткісіз болашақ!» атты акциясын өткізді.	есірткі және нашақорлықтың алдын алу	19 қыркүйек https://youtu.be/6Sv4cx6dYkE?si=ufDVc8pgiJMIiJEz	
23.	Қазақстан халықтар тілдер күні мерекесіне орай « Literary challenge: Poems of Language » тақырыбында ағылшын тілінде тіл туралы өлең оқудан жарыс ұйымдастырды.	Тіл туралы өлең оқудан челленджге 1-курс студенттері белсене ат салысты. Студенттер өздері видео үндеу жасап, бір-біріне жолдау жасады. салынды	20 қыркүйек https://www.instagram.com/p/DAU2AIWtetP/?igsh=MWE2YmxioXJjeXF1cQ==	

есеп	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
------	--------------------------	--

24.	«Ана тілім- айбыным» тақырыбында мерекелік кеш	студентер бойында ана тіліне деген сүйіспеншілікті арттыру, өз тілін құрметтеуді насихаттау.	20 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/DCnc6MziFle/?igsh=cDdqd3BqYTExdG50	
25.	«Мықты отбасы-мықты мемлекеттің кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел	Отбасы құндылықтарын сақтау	20 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/DAl1Z6gsdaL/?igsh=ZzAxbnRoOXRqMGt	
26.	“Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына” арналған ашық тәрбие сабақ өткізді.	Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын насихаттау, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орнына тоқталу.	20 қыркүйек https://www.facebook.com/share/p/1BEXhWWdKe/?mibextid=Nif5oz	
27.	-«АЭС-тің пайдасы мен зияны» тақырыбында пікір алмасу, талқы	АЭС-тің пайдасы мен зияны тақырыбында мағлұмат беру	20 қыркүйек https://www.instagram.com/p/DAQZjZys3FJ/?igsh=ZGNkbDd6OTlwODdk	
28.	«Жағымды қарым-қатынастың психологиялық астарлары» кездесу		20 қыркүйек Студенттік жатақхана	
29.	"Қазақстандағы АЭС құрылысы"	АЭС-тің құрылымы мен елімізге тигізетін пайдасы жайлы талқылау.	23 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/DATpf71MdmC/?igsh=MXRpcmdsMnF0aWU2ag==	



есеп	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
------	--------------------------	--

30.	«Тілім менің ғасырларға аманат» кураторлық сағат	Студенттерге тілдің өміршеңдігін сақтау үшін әрқайсымыздың жауапкершілігіміз бар екенін жеткіздік.	23 қыркүйек https://www.instagram.com/share/BBMZVI1wux	
31.	«Жастар-ел ертеңі»	«Әулие ата» қазақ мәдени орталығының жұмысын жандандыру, Қазақстан халқы ассамблеясымен тығыз байланыста болу	23 қыркүйек Дулати Жастары Халық Театры (@dulaty_zhastary_teatry) • Фото и видео в Instagram	
32.	-«АЭС және жастар» тақырыбында студенттер арасында дөңгелек үстел ұйымдастыру	Студенттердің өзін-өзі басқаруы және жастар бастамаларын дамыту, студенттердің өзін-өзі басқаруы мен бірлестіктер құруы: студенттерді студенттік топтарға, клубтарға, кеңестерге және басқа ұйымдарға қатысу арқылы ЖЖОКБҰ-ның жан-жақты өміріне белсенді қатысуға ынталандыру	24 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/DATgB5_scN3/?igsh=ZW9xcXYybGY0MWxn	 
33.	«Суицид және оның алдын алу жолдары» тақырыбында топ студенттерімен ашық тәрбие сағатын өтті.	студенттерге суицид мәселесі туралы түсінік беріп, оның себептері мен салдарын талдау арқылы өмірдің маңыздылығын ұғындыру.	24 қыркүйек https://www.instagram.com/reel/DDXZAJMoIIA/?igsh=MWRjNThjM2lpOGE0ZQ==	

есеп	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
------	--------------------------	---

